

Шыңғырлау ауданының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастың жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көпшетерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі туралы қағидасын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 4 наурыздағы № 19-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Эділет департаментінде 2014 жылғы 28 наурызда № 3452 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 тамыздағы № 9-8 шешімімен

**Ескеरту.** Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 22.08.2023 № 9-8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Шыңғырлау ауданының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көпшетерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі туралы қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы*

*Мәслихат хатшысы*

*Г. Джумабаева*

*Т. Қалмен*

2014 жылғы 4 наурыздағы № 19-3  
Шыңғырлау аудандық мәслихатының  
шешімімен бекітілген

**Шыңғырлау ауданының аумағында  
бөлек жергілікті қоғамдастық  
жиындарын өткізу және жергілікті  
қоғамдастық жиынына қатысу үшін  
ауыл, көше, көпшетерлі тұрғын үй  
тұрғындары өкілдерінің санын  
айқындау тәртібі туралы**

## **Қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Шыңғырлау ауданының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастықтың жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі туралы қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қанчардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандығы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және Шыңғырлау ауданының аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін белгілейді.

2. Шыңғырлау ауданының аумағындағы ауылдың, көшениң, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын), жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

### **2. Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Шыңғырлау ауданының ауылдық округтерінің әкімдері шақырады.

Шыңғырлау ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жиынды өткізу ді ауылдық округтің әкімі үйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті ауылдың, көшениң, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастық жиыны мен жергілікті қоғамдастық жиналысына кәмелетке толмаған адамдардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың қатысуға құқығы жоқ.

7. Бөлек жиынды ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын осы қағидамен айқындалған сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.

### **3. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу**

**үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй  
тұрғындары өкілдерінің санын айқындау**

11. Шыңғырлау ауданының аумағында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бір пайызы (бір өкілден кем емес) негізінде айқындалады.